

Тәрбие жұмысының жылдық есебі



Сынып: 10

Сынып жетекшісі: М.Анарметова

2023-2024 оқу жылы

Жыланбұзған жалпы білім беретін мектебінің 10 – сынып жетекшісі
М.Анарметованың 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмыстарының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 3 құндылық бойынша кешенді жоспар бекітілді. Жоспарланған жұмыстар өз уақытында өткізілді.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

10 сыныбында барлығы 11 оқушы бар. Оның ішінде ұлдар-4, қыздар-7. Бір оқушы «Үздік» (Ирисматова Диляра) Оқу екпіндісі (Бахтиярова Ж, Бахтиярова Н, Кенжебаева И, Ислам Ж, Асланова С) және бес қанағаттанарлық бағамен бітірген оқушы (Шарафидинов Ж, Файзуллаева Ш, Урманов Б, Туламетов И, Назари Я).

Оқу жылы басында сыныптағы барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында қыркүйек айында үйлерін аралап, сыныптың әлеуметтік жағдайымен таныстым. Сыныптың әлеуметтік паспортын толтырдым, әр бір оқушыға жеке акт жаздым. Сыныбыма оқулықтарды тараттым. Сыныптың 2023-2024 оқу жылына арналған тізімін бекіттім. Сыныптың белсенділерін анықтадым, оларды сектор басшыларына бөлдім, міндеттерін айттым. Сыныптың кітаппен қамтылуы туралы анықтамасын кітапханашыға өткіздім. Жалпы сынып оқушыларының интеллектуалдық деңгейі, сабаққа қызығушылық деңгейі орташа, тәртіп жағынан жақсы.

2023-2024 оқу жылы I және II жартыжылдық іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай сынып сағаттарын өтілді.

Қыркүйек-Білім айы

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары, адалдық сағаты
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожас Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл
- ҚР Тілдер мерекесі ;
- «Мектеп-мейірім мекені» акциясы
- «Қауіпсіз мектеп» шаралары

«1 қыркүйек – білім күні. «Мектеп-мейірім мекені» таңырыбында тәрбие сағат өтілді.

Сабақтың мақсаты:Білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық,еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.



Және қыркүйек айында «Ұлы даланың ұлтаралық тілі», «Толық адам» ілімі, «Кітапқа жазылмаған тарих» тақырыбында тәрбие сағаттар өткізілді.

Қазан –Алаш азаматтарын ұлықтау айы

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, акын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

1 қазан- Қарттар мерекесінде сыныбыммен Садалиева Ханифа апайды куттықтауға бардық. Қарияны мерекемен құттықтап, үй жұмыстарына көмектестік.

Мақсат: жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.



Және қазан айында «Бір отбасы-бір кітап», «Үстаз! Сіздің алдыңызда...», «Жақұты барға жасын түспейді», «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында тәрбие сағаттар өтілді.

Қараша-Поэзия айы

15 қараша-Ұлттық валюта күні

Күзгі демалыс

Республикалық «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы

Тәрбие сағаттарына ғана қатысып қоймай, балалар барлық мектепшілік шараларға да қатысып, атсалысып отырды. Мысалы үшін: қараша айында «Күзгі бал», іс шараға қатысып 10 сынып 1-орынды іеленді.



Желтоқсан-«Қазақстан-Ұлы дала елі»

16-17 желтоқсан-тәуелсіздіктің 32 жылдығы

Желтоқсан айында сыныбыммен «Тарих пен тіл тамырлас», «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі», «Мен – еректімін», Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» тақырыптарында тәрбие сағатын өтілді.

15.12 күні «Тәуелсіз елім-Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағатын өтілді.

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

- Қысқы демалыс
- Д.Конаев- ел үшін туған ұл
- Ұлттық есеп

Қаңтар айында сыныбыммен «Туған өлке ақындарының шығармалары», «Парасаттылық туралы», «Профи TIME» мамандықтар әлемінде тақырыбында тәрбие сағатын өтілді.

Қаңтар айында «Өртке қарсы әрекет» сынып сағаты өтілді.



Педагогикалық қолдау көрсету мақсатында 9 – 11 сынып ата – аналарына лудомания туралы түсініктерін кеңейту бойынша «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа» атты тақырыпта сабақ өткізілді.



Наурыз –Ұлттық салт-дәстүр

1 наурыз-Алғыс айту күні

2 наурыз-Халықаралық әйелде күні

3 21,22,23 наурыз-Наурыз мейрамы

Наурыз айында сыныбыммен «Табысты тұлға», Ұлттық өнер», тақырыптарда тәрбие сағаттарын өттік.

4 наурыз күні «Иманды қыз, аяулы жанға» атты «Даналық мектебі» негізінде «Женге кенесі» мектебі аясында шанырақтар арасында өткізілген байқауға оқушым Ирисматова Диляра мен оның жангесі Садалиева Мафтуна қатысып, 1 орынды иеленді.



5 наурыз күні 5-11 сынып ұл балаларына «Жан анам» атты байқау өткізілді. Оқушым Ислам Жавахир байқауға катысып «Ең үздік видеоролик несі» номинациясына ие болып, мадақтамамен марапатталды.



Наурыз айы жаңару айы болғандықтан мектеп ауласында көгалдандыру жұмыстарын жүргіздік. Жалпы республикалық сенбілікке өз үлесімізді қостық





СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

- 1 сәуір –Театр күні
- 12 сәуір - Ғылым күні
- 15 сәуір – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» күні

*4 тоқсан басталған аптасында мемлекеттік емтихан бұрышы шығарылып, қазақ тілі пәнінен консультация кестесі және емтихан кестелері ілінді.
«Қазақстан – бақытты өмір бесігі» атты сынып сағатын өтілді.*



МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ айы

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Акын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Мамыр айында ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Онда оқушылардың тұрмыс-жағдайы, оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі, емтиханға дайындығы және т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Жиі сабақтан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір

қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Ата-аналармен жұмыс ватсап желісі және ұялы телефон арқылы үздіксіз жүріп отырды.



Мамыр айында – 10 сыныбыммен қарттарды коруге Адилова Дилорам ажені үйіне бардық ,үй жұмыстарына көмектестік.



Мамыр айы

«Білім – Отаным» атты тақырыпта соңғы қоңырауға арналған сынып сағаті болып өтті





Оқушыларды еңбекке баулу мақсатында апта сайын сынып бөлмесін тазалауға және күнделікті кезекшілік кестесі бойынша сыныптың еденін ылғалдандыруын қадағалап отырдым. Күнделікті сабаққа кешіккен, сабақ босатқан оқушылармен әңгіме жүргізіп отырдым. Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Ай сайын балалардың үйін аралап, тұрмыс жағдайларын тексердім. Оқу үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым. Жалпы сынып оқушыларының интеллектуалдық деңгейі, сабаққа қызығушылық деңгейі орташа, тәртіп жағынан жақсы.

Сынып жетекшісі: Анарметова М *ellH*